

Zhaiyk ustazy

Газет 2002 жылдың 28 наурызынан шыға бастады

№10 (493)
22 қазан
2025 жыл



6+

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым

Бәрекелді!

Ұстаздар топ жарды

Ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында республикалық «Педагогикалық идеялар панорама-2025» байқауының өңірлік кезеңнің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болып өтті. Дәстүрлі түрде өтетін бұл байқау білім беру саласындағы жаңашылдық пен шығармашылықтың жарқын көрінісіне айналды. Бұл шара еліміздің педагогтерінің ең үздік идеяларын, тәжірибелерін және әдістемелерін насихаттау мақсатында өткізілді.

Шараға – ардагер-ұстаз, «Қазақстанның Еңбек ері» медалінің иегері, Эльмара Трансова, Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Зауре Гумарова, Орал

рамасы» – бұл тек байқау ғана емес, білім беру жүйесіндегі инновациялық тәсілдерді насихаттау алаңы болды. Осы алаңда педагогтер 7 бағыт бойынша өздерінің шығармашылық жобаларын ұсынып, тәжірибелерімен бөлісіп, бір-



қазақстан тарихы пәні мұғалімі,

5. Оқу-сауаттылық бағыты бойынша – Джумашева Гайша Мутиевна, Орал қаласы, эстетикалық бағыттағы гимназия, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

6. Экологиялық сауаттылық бағыты бойынша – Казталов ауданы, Қарасу жалпы орта білім беретін мектебі мек-

тепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу Таушанова Айымгүл Қайырлықызы,

7. Қаржылық сауаттылық бағыты бойынша – Дюсенғалиева Ақжарқын Болатқызы, А. Байтұрсынов атындағы Орал қаласы №10 ЖОББМ, биология пәні мұғалімі.

Салтанатты жағдайда өткен марапаттау рәсімінде жеңімпаздарға дипломдар мен гүлшоқтары табыс етілді. Жеңімпаздар байқаудың маңыздылығын атап өтіп, мұндай шаралардың білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтып, жаңа идеяларды жүзеге асыруға ынталандыратынын атап өтті.

Облыстық байқаудың жеңімпаздарын республикалық деңгейде де жоғары жетістіктерге жетіп, үздік орындардан көрінуіне шын жүректен тілектеспіз!

Әр қадамыңыз білім мен өнер әлеміндегі жарқын жетістіктерге жетелесін!

Толқын ГАБДУШЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «КДИ»
филиалы



қалалық білім бөлімінің басшысы Алия Кайржанова, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «БҚО КДИ» филиалының қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Педагогикалық идеялар панора-

ма» – бұл тек байқау ғана емес, білім беру жүйесіндегі инновациялық тәсілдерді насихаттау алаңы болды.

Байқауға еліміздің барлық өңіріндегі барлық мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері қатысты.

Жеңімпаздар ТМД елдері арасында өтетін Педагогикалық шеберлік халықаралық фестиваліне қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, байқау нәтижелері педагогтерді аттестаттау кезінде ескерілімек. Оның

бірінен үйренуге мүмкіндік алды.

Атап айтсақ:

1. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бағыты бойынша Бижанова Гулбакит Тажихановна – Бөкейорда ауданы, Хан Ордасы ауылы, Жәңгірхан атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,

2. Математикалық сауаттылық бағыты бойынша – Утегенова Айнура Тұрахановна, Орал қаласы, №5 ЖОББМ-тің математика пәні мұғалімі,

3. Мәдениетаралық сауаттылық бағыты бойынша – Егизова Гулфира Далабаевна, Бәйтерек ауданы, «Өркен» мектеп балабақша кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

4. Цифрлық сауаттылық бағыты бойынша – Рамазанова Динара Бақиткалиевна, Орал қаласы. №37 ЖОББМ-тің

“САМАЛ” ГАЗЕТІ - РУХАНИЯТ ПЕН ӨМІРДІҢ ЖАРШЫСЫ

Тағылым

Алаштың рухани көсемі, қазақ ұлтының зиялы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек», - деген болатын.

Бар мейірімін балаларға арнап төгетін, оқушылардың тырнақалды туындылары мен шығармашылық жұмыстарын, жас кылқалам шеберлерінің салған суреттерін төл басылым беттеріне жариялайтын облыстық мұғалімдер мен оқушыларға арналған «Самал» газетінің 25 жылдық мерейтойына орай «Бала жанының бағбаны» атты облыстық шара ұйымдастырылды.

өңірі» газетінің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдуллин, ақын, жұбантанушы, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, Ақжайық ауданының Құрметті азаматы Үзілдік Елеубайқызы, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер



жолдап, оқырмандар жүрегінен орын алған, газеттің жанашырларын марапаттарымен құттықтаймыз!

Облыстық «Самал» газетінің 25 жылдық мерейтойына арналған «Бала жанының бағбаны» атты мерейтойлық жинақ кітаптың тұсауы кесілді.

Рухани мәдениетіміз бен елдік мәртебебізді асқақтататын тағылымы мол, әдебиет пен руханиятты насихаттаудағы тәрбиелік шараға зор сеніммен қатысуға ұйытқы болған аудандық білім беру бөлімінің басшысы Асхат Молдағалиев, Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің директоры Мереке Күбасев, М.Ықсанов атындағы МББК-нің директоры Жаран Қаратаев пен «Самал» газетінің жұмысына алғысымыз шексіз.

Бұл – «Самал» газетінің бас редакторы Жұмажан Сүндетовтің шығармашыл, ізденімпаз редакция ұжымының ауқымды еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Кеш қорытындысында Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің 4 - сынып оқушысы Миргүл Төлегенова «Ұстазым» ән шашуын тарту етті.

«Самал» газетінің белсенді әрі шығармашыл оқырмандары көбейіп, тырнақалды туындылары үздіксіз жарияланып, қаламдары Қазақстанның дамуы мен гүлденуіне қызмет етіп, шырайланып ұштала берсін!» деген тілгі тілегімізді білдіреміз.

Толқын Кисекова,
«Жайық ұстазы» газетінің штаттан тыс тілшісі,
Жәнібек ауданы



Ширек ғасырлық тарихы бар басылымның мақсаты – жас оқырмандардың ой-өрісін дамытып, шығармашылық шабытын шыңдап, дарындылығына жетелеуге бағыт береді.

Мерейлі кешке Жайық өңірінің ақын-жазушылары, ҚР Жазушылар одағының БҚО филиалының төрағасы, облыстық «Орал

тұрақты оқырмандары, соның ішінде басылым беттерінде жарық көрген «Үздік материалдар» жинағына енген оқушылар мен ұстаздарды арнайы қатыстыруға шақырту хатын жолдады.

Ғұмар елі Жәнібек ауданынан Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып

кітапханашылары, ұстаздар, мектеп кітапханашылары және ата-аналар мен оқушылар қатысты.

Аталған салтанатты жиынға «Самал» газетінің бас редакторы Жұмажан Қадимұлы газеттің

мұғалімі Нәсіп Кадралиева, М.Ықсанов атындағы МББК-нің бастауыш сынып мұғалімі Самал Ситкалиева және Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің 3-сынып оқушысы Айару Бралиева, 4-сынып оқушысы Миргүл Төлегенова, 5-сынып оқушысы Айлин Биболатова шараның куәсі болды.

Нәсіп Кадралиева «Ұстаз мерейі» төсбелгісімен, Самал Ситкалиева – білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Мектеп оқушылары Айару Бралиева, Миргүл Төлегенова, Айлин Биболатоваларға «Рухы биік ұрпақпыз» төсбелгісі мен Диплом табысталды. Марапат алған әр оқушыға «Самал» газетінің «Жас тілші» аталымы берілді және Бауыржан Ғұбайдуллиннің «Жиһанкез», «Ақкербез» кітабын сыйға тарту етті.

Төл туындыларын басылым беттеріне

Ізденіс

Әдістемелік баяндама

Әжемнің сандығы

Мақсаты: Балаларды әженің сандығының ішіндегі заттармен таныстыру. Балаларға ұлттық заттар туралы мәліметтер бере отырып білімдерін қалыптастыру. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, заттардың пішіні олардың құрылымы ою элементтерінің орналасуына көңіл бөледі үйрету, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу және ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Туған өлкенің бай мұра қазынасын көздің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.

Барысы: Балалар тәрбиешімен бірге шеңберге тұрады

Тәрбиеші: Балалар, енді сендерге жұмбақ жасырайын шешуін тауып көріңдер

Жылы шұлық тоқитын

Ертегісі қызықты

Тәтті бауырсақ пісіретін

Самауырын қайнатып

Күрең шәйін құятын – ол кім?

(СЛАЙДПЕН КӨРСЕТУ)

Балалар: Ол біздің әжеміз

Тәрбиеші: Балалар мен әжемнің домалақ жібін әкелдім, ол жәй жіб емес сиқырлы жіб, ол домалақ жіпте әжеміз туралы көптеген жылы сөздер жасырылған. Біз осы сиқырлы жіпті шешіп әжеміз туралы қандай жылы мейірімді сөздер бар екенін білетін боламыз.

(ҮЛКЕН ЖІП ДАЙЫНДАУ)

Балалар: (әжем менің мейірімді, әжем менің сүйкімді, әжем менің әдемі, әжем менің ақжарқын, менің әжем ақылды, менің әжем еңбекқор, менің әжем қамқоршы, менің әжем ақкөңіл)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Әркімнің әжесі өзіне қымбат және мейірімді.

Тәрбиеші: Ой, балалар қараңдаршы менің қолымдағы жібім домалап бара жатыр. Бұл қайда домалап бара жатыр екен. Жүріңдер көрейік.

Төрте әже отырады.

Тәрбиеші: Жібіміз қайда домалап кетті десем, әжеге қарай домалапты ғой.

Балалар бәрі амандасады: Сәлеметсіз бе, әже.

Әже: Амансыңдар ма балаларым, қош келдіңдер төрлетіндер.

Тәрбиеші: Әже, біздің қолымызда сиқырлы жібіміз бар еді соны таба алмай қалдық. Сізге қарай домалап келмеді ме?

Әже: Жіб қане қарайық

Балалар: Біздің жібіміз әженің сандығының қасында тұр.

Тәрбиеші: Біздің сиқырлы жібіміз әжеміздің сандығының қасына босқа келмеген болар.

Әже: Әрине, әрине босқа келмеген болар сандығымда не бар екенін білгісі келетін болар.

Балалар: Әже, бізде сіздің сандығыңызда не бар екенін білгіміз келеді.

Әже: Жарайды, онда менің сандығымда жай сандық емес сиқырлы сандық.

Оны ашу үшін сиқырлы сөздер айту керек.

Тәрбиеші: Сандыққа не салды екен? Кім айтады?

Балалардың жауабы:

Тәрбиеші: Балалар, сандық дегеніміз – бұл біздің әжелеріміздің, тіпті олардың да әжелерінің жинаған заттарын салатын зат. Әжелер өздерінің әшекейлерін, киімдерін және өзіне керекті құнды заттарын салған.

Тәрбиеші: Бұл сиқырлы сандық болғандықтан жай ашыла салмайды. Оны ашу үшін сиқырлы сөздер айту керек. Қане, бәріміз бірге айтайық

Балалар, бірігіп сиқырлы сөзді айтады.

Ақ сандығым ашылышы

Ішінен ғажап шашылшы

1.Сандық ашылып ішінен әже ұршықты алып шығады.

Ұршықпен таныстыру

Ұршық – дегеніміз жүн иіретін құрал.

Ұршық ағаштан жасалады, ұршық үш бөліктен тұрады,

мұрындық,

басы

сабы

Ұршық қолдан жүнді иіруге арналған құрал.

Әже: Балалар, бұл ұршық менің әжемнен келе жатқан көне мұрам, сондықтанда мен оны сандығымға салып сақтаймын.

Ұршықпен жұмыс жасау үшін оған бірінші жүн керек.

СЛАЙДПЕН КӨРСЕТУ

Ол жүнді біз төрт түлік малдардың ішіндегі түйе, қой, ешкіден қырқып аламыз

Ол жүнді жуып тазалаймыз

Сосын барып түтеміз

Әже: Маған бүгін ғана балаларым қойдың жүнін әкелген тұту керек, қыздарым маған көмектесейдер ме?

Тәрбиеші: олай болса, саусақтарымызды жаттықтырып алайық

Саусақ жаттығуы:

Ақ маржан, көк маржан

Біз жасаймыз көп маржан

Қолымыз шынжыр болды

Шешілмейді тартсада

Ал піл келіп, шынжырды

Үзіп кетті басқанда

Тұмсығымен допты іздеп

Ойнағысы келіп тұр

Достық үшін пілге мен

Гүл сыйлағым келіп тұр

Қыздар жүнді түтіп көмектеседі.

Әже: енді сендерге жүнді қалай ұршықта иіру керектігін көрсетейін

Жүнді иіру.

Ұршықпен жүнді иіргенде жіп шығып сол



жіптен біздер керекті заттарымызды тоқимыз

Жіптен носки тоқу.

(аяққа киетін носки, қолғап мойынорағыш, малақай, кеудемізге киетін жемпірлерді тоқимыз (корзинкаға осы заттарды салып қойып балаларға ұстатып көрсету)

СЛАЙДТАН КӨРСЕТУ

Атпен шапқан бала, қолында қамшысы бар

Тәрбиеші: Балалар, экранға назар аударайықшы не көріп тұрсыңдар?

Балалар: Жүйрік атпен шапқан бала.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, балалар жүйрік атпен шапқан балалардың қолынан не байқалдындар?

Балалар: Қамшы

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар, қамшы әр ержігіттің қолында болу керек. Қамшы.

Балалар: әженің қасында тағы қызықты заттар жатыр екен.

Тәрбиеші: бұл зергерлік бұйымдар кімдікі әже?

Әже: Бұл менің тентек немерем Бекболаттың көкпарға қатысқанда жүйрік атына тағатын құралдары.

Жүген. Шылбыр. Ертоқым. Үзегі. Қамшы

Әже: Қап, Бекболатымның қамшысы тарқатылып кетіпті ғой ертең көкпарға қатысатын еді, енді не істеймін?

Тәрбиеші: Балалар, мен сендермен «Шебер-хана» ойынын ойнағым келіп тұр.

Мен шебер, сендер менің шәкірттерім боласыздар. Біздер қазір бәріміз зергерлік бұйымның бірі қамшыны өріп әжемізге көмектесейік, Әжеміздің немересі Бекболат қуанып қалсын (фарфур тағып ер балалар қамшы өреді)

Сергіту сәті «Қамшы»

Қамшыны қолға алайық,

Атқа мініп шабайық,

Он жаққа бір сермеп,

Сол жаққа бір сермеп,

Асыр салып шабайық.

Әже: Жарайсыңдар, балаларым! Бекболат немерем әдемі қамшы өріп бердіңдер.

Әже: «Шебердің саусағы алтын» деп халқым босқа айтпапты.

Тәрбиеші: Әже сонымен қатар біздің балалар көптеген мақал-мәтелде біледі, мақал мәтелді әр түрлі бағытта түсіндіре алады.

Әже: А, жарайды онда көрсете қойыңдар, ол қалай сонда?

Балалар:

Трек кестесі бойынша мақал-мәтелді әжеге көрсетеді (тақтадағы мақалды шешіп беру)

1.Отансыз адам –ормансыз бұлбұл

2.Көз қорқақ, қол батыр

Әже: Жарайсыңдар балалар, сендер өте ақылды екенсіңдер, менің сандығымда сендерге арналған тағы не бар екен қарайын.

(әже сандықтан бір дорба құрт алып шығып балаларға сыйлайды)

Балалар: Рахмет, әже

Әже: Балалар жолдан адаспау үшін сиқырлы жіптеріңді ұмытпаңдар

Тәрбиеші: Балалар, балабақшаға қайтатын уақытымыз болды, сиқырлы жіптен қалып қоймайық.

Қорытынды:

Балалар бақшаға келеді.

Тәрбиеші: Балалар, бақшамызға келдік. Бүгін біз нестедік, қайда бардық? Әжеміздің сиқырлы сандығының ішінде қандай заттар болды?

Луллия әдісі арқылы балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін қортындылау.

Нұрбақыт Саин,

Гулмира Калиева,

тәрбиешілер,

№31 «Балдәурен» бөбекжайы,

Орал қаласы

Әр бала – ерекше әлем

Әр бала –

қайталанбас тұлға.

Оның өзіндік ойы,

арманы, сезімі мен қабілеті бар.

Баланың жүрегіне жол тауып,

қолдау көрсету – үлкендерге

жүктелген басты міндет.

Әсіресе, инклюзивті білім беру жүйесінде әр балаға жеке тұлға

ретінде қарап, оның ерекшелігін қабылдап,

дамуына жағдай жасау – қоғамның өркениеттілігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда «инклюзия» ұғымы тек мектеп қабырғасымен шектелмейді, ол – бүкіл қоғамның мәдениеті.

Мақсаты – мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше білімді қажет ететін балалардың да өз құрбы-құрдастарымен бірге

тең дәрежеде білім алып, әлеуметтенуіне жол ашу.

Өйткені әр бала өмір сүруге, оқуға, армандауға және бақытты болуға құқылы.

Балалар арасындағы айырмашылықтар – кемшілік емес, байлық.

Біреу сурет салуға бейім болса, енді біреуі ән айтқанды ұнатады,

ал кейбірі есепке жүйрік. Міне, осындай алуан түрлі қабілеттерден үлкен бір әлем құралады.

Әр бала – кішкентай жұлдыз. Жұлдыздың жарығы әртүрлі болғанымен, олардың барлығы аспанды әдемі етеді.

Инклюзивті сыныптағы балалар бір-бірінен үйренеді:

Ерекше балаға қолдау көрсеткен оқушыда мейірім мен жанашырлық қалыптасады.

Ерекше баланың өзі өзіне сенімді бола бастайды, әлеуметке бейімделеді.

Мұғалімдер әр оқушыға жеке көзқараспен қарап, жаңа әдіс-тәсілдер қолдануға дағдыланады.

Бұл – тек білім саласы үшін ғана емес,



бүкіл қоғам

үшін маңызды қадам.

Өйткені әр бала – ерекше әлем.

Біреуі өнерге бейім болса, енді біреуі ғылымға жақын,

тағы біреуі спортта табысқа жетуі мүмкін.

Сол алуан түрлі қабілеттерден қоғамның байлығы

қалыптасады.

Мұндай ортада оқушылар ара-

сында достық, өзара сыйластық, түсіністік пен ынтымақ артады.

Баланың жүрегіне ізгілік ұялату – ертеңгі қоғамның бейнесін қалыптастыру.

Атақты педагог В.А. Сухомлинскийдің «Әрбір бала – біртұтас ғалам» деген сөзі бар.

Расында да, әрбір баланың бойында тұтас бір әлем жатыр: арманы, қиялы, таланты, мүмкіндігі.

Сол әлемді ашу үшін мұғалімнің мейірімі, ата-ананың махаббаты, қоғамның қолдауы қажет.

Балаға сенім артып, мүмкіндігін көрсетуге жол ашсақ, ол қаншалықты ерекше болса да, өз орнын табады.

Әр баланы бағалау – оның өмірге деген құштарлығын арттырады.

Әр бала – қайталанбас әлем. Ол әлемге құрметпен қарап, мейіріммен қамқор болу – баршамыздың борышымыз.

Ерекше балаларға қолдау көрсету арқылы біз тек олардың ғана емес, бүкіл қоғамның болашағын жарқын етеміз.

Гульмаржан Каирбекова,
әлеуметтік педагог,
Жәнібек ауданы

Өз тәжірибем

Мұғалім еңбегіне ықпалы: қолдау ма, қауіп пе?

Қазіргі білім беру жүйесі жасанды интеллекттің даму үрдісімен тығыз байланысты. Өйткені жаңа технологиялар мұғалімнің кәсіби қызметіне тың серпін беріп, оқу үрдісін жеңілдетуге жағдай жасауда. Дегенмен «Жасанды интеллект – қолдау ма, әлде қауіп пе?», - деген сұрақ әрбір ұстазды ойландыратыны сөзсіз. Әсіресе, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде мен бұл құбылысты кәсіби тәжірибем арқылы саралап көрдім.

Жасанды интеллект, біріншіден, оқу үрдісін дараландыруға жол ашады. Мысалы, дене шынықтыру сабағында әр оқушының жүрек соғысы, қимыл қозғалысы, физикалық жүктемесі арнайы смарт-құрылғылар арқылы өлшеніп, автоматты түрде анықталып отырады. Бұл мұғалімге оқушының даму динамикасын нақты бақылауға мүмкіндік береді. Екіншіден, жаттығуларды көрсетуде жасанды интеллект үлкен көмекші. Мысалы, кейбір спорттық элементтердің 3D-анимациялары мен виртуалды тренажерлер балаларға жаттығу техникасын дұрыс меңгеруге көмектеседі. Үшіншіден, құжаттық жұмыстардың жүргізілуін жеңілдетеді. Нәтижесінде ол мұғалімнің оқушымен қарым-қатынас жасауы үшін көбірек уақыт бөлуіне ықпал етеді.

Жасанды интеллекттің тигізетін ықпалымен қатар тудыратын қауіп де болады. Атап айтсақ, біріншіден, мұғалім беделінің төмендеу қаупі бар. Егер ата-ана мен оқушы барлық ақпаратты жасанды интеллекттен алатын болса, мұғалімнің орны тек «қадағалаушыға» айналып кетуі мүмкін. Бұл педагогикалық қарым-қатынастың әлсіреуіне әкеледі. Екіншіден, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті төмендейді. Өйткені жасанды

интеллект тапсырмаларды автоматты түрде жасап берсе, оқушы өз бетімен ізденуге талпынбайды. Бұл әсіресе дене шынықтыруда командалық ойындар, көшбасшылық қасиеттерді дамытуда кері әсерін тигізуі ықтимал.

Менің ойымша, жасанды интеллект – мұғалімді алмастыратын құрал емес, керісінше, оның кәсіби шеберлігін арттыратын мүмкіндік деп санаймын. Сөзімді нақтылау үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қ.Жұмашевтың мына сөздерін мысалға алдым: «Ол тек оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру құралы ретінде ғана пайдаланылады. Мұғалімдер ойлап табудан, зерттеуден қол үзбеуі керек». Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті дұрыс қолдану мұғалімнің абыройын арттырып, білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Сөзімді қорытындылай келе, жасанды интеллект мұғалімнің қызметіне әрі қолдау, әрі қауіп тудыратынын жоғарыда атап өттім. Бұл – оны қалай қолдануына байланысты. Сондықтан мен жасанды интеллект құралын «бәсекелес емес, серіктес» ретінде қарастыруды жөн көремін.

Оралхан Туленғалиев,
дене шынықтыру мұғалімі,
№ 31 ЖОББМ,
Орал қаласы




Тәжірибе бөлісемін

Сыныбы 7

Айтыстың ақиығы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: 7.1.4.1. көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін (айтыскер) ашып, үзінділерді жатқа айту
Сабақтың мақсаттары: көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін (айтыскер) ашып, үзінділерді жатқа айта алады
Сабақтың кезеңі: Амандасу. Психологиялық ахуал орнату
Үй тапсырмасы: **«Шахмат» әдісі**
Сүйінбай мен Қатағанның айтысы




Оқушының іс-әрекеті: Шахмат тақтасына шығармадағы тірек сөздерді оқиғалармен байланыстырып жазады.
Дискрипторы: 2 балл
-Шығармадағы тірек сөздерді жазады.
-Оқиғалармен байланыстырады.
Жаңа сабақ
Суреттер сөйлейді. Суреттер арқылы қазақтың салт-дәстүрлерін, айтыс өнерін таныстырады.



Оқушының іс-әрекеті: Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында берілген суреттерді ауызша атайды.
Бейнеролик
Айтыс өнері. Сүйінбай мен Қатағанның

айтысы
1-тапсырма.
Жұптық жұмыс. **Оқиғалар картасы**



Оқушының іс-әрекеті: Оқиғалар картасындағы шығарманың дамуынан бастап шешіміне дейін жазады. Жағымды кейіпкерге мінездеме береді.
Дискрипторы: 2 балл
-Шығарманың дамуын жазады
-кейіпкерге мінездеме береді
2-тапсырма
Learning.apps платформасы
«Бұл кім?» әдісі арқылы кейіпкерлерді шығармадағы рөлі бойынша орналастыру.
Қырғыздың шонжар манабы – Орман хан
Қазақ ақыны –Сүйінбай




3-тапсырма

Шығармашылық жұмыс.
1-топ: Сүйінбай мен
Қатағанның айтысынан үзінді
2-топ: Өздерін айтыстың
мақамына салып таныстырады.



Оқушының іс-әрекеті: Өздеріне берілген тапсырма бойынша шығармашылық жұмыс бойынша айтыстан үзінді келтіреді, өлең шығарады.



Кері байланыс:
Өзін-өзі бағалау парағы
Өзін-өзі бағалау
Бағалау.
Бағалау. Домбыра
Үй тапсырмасы:
«Қазақтың айтыс өнері»
эссе

Әлия Айтниязова,
Б.Аманшин атындағы
«мектеп-бөбекжай»кешені»
Қаратөбе ауданы

Дарынды балалармен жұмыс

Майдан хаттарының тілдік және көркемдік ерекшелігі

Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең қайғылы әрі шешуші кезеңдердің бірі. Соғыс жылдарындағы халық өмірі мен рухани әлемі түрлі дереккөздер арқылы зерттеліп келеді. Солардың ішінде майдан хаттарының орны ерекше. Олар тек тарихи құжаттар ғана емес, халықтың ішкі сезімін, ұлттық болмысын, тілдік мәдениетін паш ететін көркемдік-стилистикалық дерек ретінде де маңызды.

Майдан хаттары – ресми құжаттардан тыс, шынайы өмірдің тынысын, қарапайым халықтың жан дауысы мен үмітін, сағынышын жеткізген ерекше жанр. Бұл мақаламда сол хаттардағы стилистикалық тіл мен көркемдік құралдардың қолданысы мен олардың әдеби және тарихи құндылығына тоқталмақпын.

Майдан хаттарының тілдік құрылымы көбіне ауызекі сөйлеу стиліне негізделген. Тілдік жағынан алғанда, хаттарда синтаксистік құрылым жеңіл, сөйлемдер қысқа әрі анық, бірақ эмоцияға толы болады. Мысалы, «Анашым, мен аманмын, ал сендер амансыңдар ма?», -деген жолдарда әрі тілдік қарапайымдылық, әрі терең сезім жатыр. Майдан хаттарының көркемдік ерекшелігінің басты қыры — экспрессивтілік. Хат иелері, әсіресе, майдан шебінде жүргендер, қысқа уақытта, шектеулі кеңістікте барынша мол сезімді жеткізуге тырысады. Сондықтан эмоционалды-экспрессивті лексика (мысалы, «қымбаттым», «жаным», «сағындым», «аман бол») кеңінен қолданылады. Тілімізге тән ұлттық оралымдар да молынан кездеседі: «Құдай бұйырса, жеңіспен оралам», «Жолымыз болсын, тағдыр жазса, қауышармыз» сияқты сөйлемдер лексикалық, фразеологиялық тұрғыда да көркемдік рең береді. Жекелеген хаттарда теңеу, эпитет, метафора секілді көркемдік тәсілдер де ұшырасады. Мысалы: «Сенің үнің – маған ең тәтті ән секілді, оқ пен оттың ортасында да құлағымда жаңғырады». Мұнда метафора мен салыстыру арқылы сезім тереңдігі мен автордың ішкі жан дүниесі ашылады. Сондай-ақ жауынгерлер өлең формасында анасына, сүйіктісіне, туған жеріне арнап жолдаған хаттарында ұлттық поэзия дәстүріне тән ырғақ, ұйқас, бейнелі сөздер қолданған.

Майдан хаттары — халықтың тарихи жадын сақтайтын ерекше мұра. Олар арқылы XX ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ тілінің қолданысындағы ерекшеліктерді, халықтың дүниетанымын, рухани болмысын көруге болады. Сонымен қатар бұл мәтіндер қазіргі әдеби тілдің қалыптасуына әсер еткен ауызекі сөйлеу тілі мен жазба стильдің байланысын көрсетеді.

Майдан хаттарының стилистикалық тілі — қарапайымдылық пен терең мағынаның, ішкі толғаныс пен тілдік шеберліктің үйлесімі. Олардың көркемдік ерекшелігі халықтың рухани жүгін, соғыс жылдарындағы ауыр ахуалын бейнелі түрде жеткізе білуінде. Осы тұрғыдан алғанда, майдан хаттары — әдебиет пен тарихтың тоғысқан тұсы, ұлт жадысының асыл мұрасы.

Альбина Молдамуратова,
А.Тайманов атындағы №34 мектеп-
гимназиясы,
10-сынып оқушысы

Ой бөлісу

Отбасы - бақыт мекені

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Түрі: Ой бөлісу.

Әдісі: « Жүректен-жүрекке» шеңбері, ой қозғау, «Конверттегі сұрақтар», пікір алмасу.

Көрнекілігі: презентация, шарлар, гүлдер.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар. Биылғы оқу жылында «Даналық мектебі» ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сай, «Бала мектеп ата-ана» үштік одағы аясында ынтымақтастығын арттыруға бағытталған бастауыш сыныбының ата-аналарымен ұйымдастыруымен өткелі отырған «Отбасым – бақыт мекенім» атты кешімізге қош келдіңіздер! Мектеп пен отбасы арасындағы алтын көпірді жалғастырып, бүгінгі шарамызға қатысып отырған ата-аналарға зор алғыс білдіреміз. Алғашқы құттықтау сөзді мектебіміздің басшысы Ербол Серікұлына береміз.

Біз бүгін керемет бір ғажайып әлем туралы әңгімелесеміз.

Ән: «Әйелдің бақыты» Төлегенова Бибінұр

І. « Жүректен-жүрекке» шеңбері. Психологіміз А. Гайсина жүргізеді.

Ән. 2 «ә» сыныбының оқушылары орындайды.

Отбасы – ақылшы әрі данасы болған ата мен әжеден басталады. Олардың арқасында бала өз оңы мен солын таниды. Отбасы – ең жақын адамдардың жылы ошағы. Сондықтан отбасы мүшелерін әрдайым сыйлап, құрметтеу қажет.

Ән : «Ата-әже» әні орындайтындар Алесов Дархан мен қызы Аружан

Жүргізуші: Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниесі есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.

Ортамызға 2 «а» сынып ата-аналары «Отбасы – байлығым» жобасын ұсынады.

Жүргізуші: Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу — ұрпақтың борышы. Ата-ана — отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.

Мусағалиева Бибигүлдің «Жанұя – алтын қазығым» жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар.

Келесі кезеңіміз «Ашық микрофон» деп аталады. Бұл кезеңде сіздерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады.

Сұрақтар:

1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Отбасының басшысы кім?
3. Отбасы қандай болуы керек?
4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма?

Өзі балалармен бірге жүріп, ойнай да ойлай да алатын анамыз. Ортада Гүлжан анасы мен Ай қызымыздың орындауында «Түлкішек» әніне кезек береміз

Отбасым – менің Отаным

Отбасым — менің жүрегім

Отбасым — менің тірегім

Тек сен деп соғар жүрегім, - дегендей, отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы. Әр отбасында ақ тілектеріміз орындалсын деген ниетпен ортада

«Ақ тілек» әнімен 3 «а» сыныбы Гүлден Хамитованы шақырамыз.

«Конверттегі сұрақтар»

«Біз баламызды танимыз ба?» деп аталады. Бұл кезең ата-аналарға арналады. Ортаға 6 ата-ананы шақырамыз.

1. Балаңыздың парталас көршісі кім?
2. Балаңыз бірінші сыныпқа қай жылы барды?

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОРЖЫН

Озат тәжірибе - ортақ қазына

Абай мұрасы жаңа буын көзқарасында: Трендке айналған

Абай мұрасы жаңа буын көзқарасында:

Трендке айналған даналық

Қазақстан халқы тілдері күні мен ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Адамзаттың Абайы» атты онкүндік аясында ерекше әдеби-шығармашылық шара ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ақманар Әбділдақызы мен Асыл Құнанбайұлының асыл мұрасын заманауи форматтар арқылы насихаттау, оқушылардың рухани әлемін байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды тәрбие мен білімге тарта білу болды. Абай – ұлы данағой, дара тұлға. Осы көңіл-күйді ұстана отырып, ақынның өлеңдері мен қара сөздері TikTok бейнероликтері, рэп орындаулары, әртүрлі шоу бағдарламалар және заманауи бейне форматтар арқылы жаңашыл сипатпен көрініс тапты.

Оқушылар Абайдың өлең жолдарын ерекше стильде – рэп жанрында орындап, оның қара сөздері негізінде видео-монологтар дайындады. Сонымен қатар, Абайдың бейнесін қазіргі заман кейіпкерлерімен диалог ретінде сахналап, ұлы ақынның идеялары мен ойларын бүгінгі күннің мәнімен ұштастырды. 7-сынып оқушылары әлеуметтік желілерде «Абаймен – трендке» деген ұранмен ақын өлеңдерінің үзінділерін жариялап, өз қатарластарына шығармашылық үндеу жасады. Олар әлеуметтік желіні тек көңіл көтеру алаңы ғана емес, пайдалы, тәрбиелік мәні бар мағыналы контент таратуға арналған орын ретінде пайдалануға болатындығын дәлелдеді.

Шараның тағы бір қызықты бөлімі – «Trend Battle: Абай vs Zaman» атты айтыс көрінісі болды. Бұл бөлімде оқушылар ұлы ақынның өлең шумақтарын оқып, олардың мазмұнын қазіргі заман жағдайымен салыстыра отырып, өзіндік пайымдауын білдірді. Бұл жастардың Абай мұрасына деген на-

зарын арттырып, оны терең түсінуге және заманауи өмірге байланыстыруға септігін тигізді.

Абай Құнанбайұлы – тек өткен заманның ғана тұлғасы емес, ол бүгінгі және болашақ ұрпақтың да рухани шамшырағы. Қазіргі жастар әлеуметтік желіге мәнсіз, пайдасыз дүниелерді салудың орнына, Абайдың түйінді сөздері мен тағылымды ойларын таратып, сол арқылы шынайы тренд жасай

уы т

байл



Осындай шаралар арқасында ұрпақтар Абайды заманауи тілде түсініп, оның даналығы мен шығармашылығын өз өмірлеріне бағыттай алады. Бұл – ұлы бабамыздың шығармашылығын жас буынның жүрегіне жеткізу жолындағы жаңа әрі тиімді әдіс екені даусыз.

Ақманар Рахметова,
Асылай Успанова,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімдері
Т.Жароков атындағы орта мектеп,
Жәнібек ауданы

Ұспаз - ұлы тұлға

Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің жоспарына сай, 5 қазан – Ұстаздар күнінде аудандық 3, 4 - сынып оқушылары арасында «Ұлы ұстаз өнегесі» атты шығарма байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты: **ұстаздың адам өмірінде алатын орны зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту.**

Оқушылардың сөздік қорын көбейту, сөйлеу тілін жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өнерге баулу.

Шығарма жазу кезінде графикалық әріптерді дұрыс жазу, сөзді, сөйлемді, өлеңді анық және каллиграфия ережелерін сақтап, сауатты, әдемі, таза, ұқыпты, көркем жазуға төсілдіру. Оқушыларды ұстаздар **енбегін әрқашан бағалай білуге** тәрбиелеу.

Байқауда шығарма жұмыстарына қойылған талаптар мен бағалау өлшемдері:

- сөздегі әріптерді бір көлбеу бағытта дұрыс жазу;
- сөздердегі әріптердің ара қашықтығы бірдей болу;
- сөздегі әріптерді бірдей биіктікпен жазу;

- әдемі жазу мәдениетін сақтау;
- сауаттылығы, жазылым дағдысы.

Әділқазылар алқасының шешімі бойынша шығарма байқауының қорытындысы.

Бас жүлде - Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің 3-сынып оқушысы Елдос Есентаев (мұғалімі: И.Б.Гумарова);

I орын - Тегішл НОМ-нің 4 - сынып оқушысы Айнамкөз Қадырболат (мұғалімі:

Т.Ә. Беркінбаева);

II орын - М.Ықсанов атындағы МББК-нің 4-сынып оқушысы Ұлжан Файзул-лиева (мұғалімі: С.Б.Ситқалиева) мен Ғ.Қараш атындағы ЖОББМ-нің 3 - сынып оқушысы Нұрислам Сабырғали (мұғалімі: А.Ш.Нұрболатқызы);

III орын - Ғ.Абдуллин атындағы ЖОББМ-нің 4 - сынып оқушысы Утегенова (мұғалімі: А.С.Мукашева) мен Ұзынкөл ЖОББМ-нің 4 -сынып оқушысы Радмир Ғаделов (мұғалімі: Ж.Б. Сұлтанғалиева), Өнеге бастауыш мектебінің 3 - сынып оқушысы Ерасыл Өткеш (мұғалімі: Ж.Б. Сұлтанғалиева) ие болып, аудандық білім беру бөлімінің Мадақтамасымен марапатталды.

Жүлдегерлердің жеңісі құтты болсын!

Талабы таудай, қабілеті мол, ізденімпаз, шығармашыл жас дарынды оқушылар көбейіп, ел игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой.

Тәуелсіз еліміздің білімді өрендері көп болып, еліміз көркейе берсін!

Жеміс Зейнуллина,
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
N1 мектеп-лицейі,
Жәнібек ауданы

Өсімдіктердің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістер

2-сынып
Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктердің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістер
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:

2.2.1.2 – Өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау;

2.1.2.7 – Эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру.

Сабақтың мақсаты:
Өсімдіктердегі маусымдық өзгерістер туралы біледі.

Құндылықтар:
Қыркүйек айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Сабақ құндылығы:
Жасына байланысты қолжетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу.

Апта дәйексөзі:
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кет-пес далаға!» (Абай)

Сабақтың барысы
Сабақтың кезеңі
Уақыты
Педагогтің әрекеті
Оқушының әрекеті
Бағалау
Ресурстар

Сабақтың басы – 5 минут
Психологиялық ахуалды жақсарту
Өткенді пысықтау – 5 минут
Педагогтің әрекеті:
Өсімдіктердің тіршілік ортасы туралы айт. Өз айналамызда өсіп тұрған өсімдіктер туралы не білесің?

Оқушының әрекеті:
Өз ойларын айтады.
Бағалау: Мақтап, мадақтап отыру
Ресурстар: суреттер
Сабақтың ортасы – 20 минут
Тақырыпты ашу:
Жұмбақтар шешейік

Қайың
Шырша
Көктерек
Сағызқарағай
Оқушылар: Жұмбақтар шешеді
Бағалау: «Планшет» әдісі
Дескриптор:
Өсімдіктердің тіршілік ортасы туралы айтады – 1 б

Жергілікті жердің өсімдіктері туралы біледі – 1 б

Ресурстар: суреттер
Жаңа тақырып: ФС тапсырмасы
1-тапсырма. Қайталау сұрақтары:
Ботаника ғылымы нені зерттейді?
Өсімдіктерді қандай топтарға бөледі?
Жарық сүйгіш қандай өсімдіктерді білесің?

Оқушылар: Сұрақтарға жауап береді
Бағалау:
Сұрақтарға жауап береді – 1 б
Өз ойларын еркін жеткізеді – 1 б
Ресурстар: оқулық
2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Топтық жұмыс:
Жылдың әр маусымында ағаштар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

Әр маусымда өсімдіктерде қандай өзгерістер болады?

1-топ – Көктемде
2-топ – Жазда
3-топ – Күзде
4-топ – Қыста
ЕБҚ: Қазір жылдың қай мезгілі? Айналада нендей өзгерістер бар?
Күздің суретін сал.

Оқушылар: Жаңа материалмен танысады, топтық жұмыс жасайды.

Бағалау:
Өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін анықтай алады – 1 б

Ерекшеліктерін ажыратады – 1 б
Ресурстар: оқулық

Сергіту сәті – 2 минут
Оқушылар: Жаттығу жасайды

Ресурстар: Қимылдар
3-тапсырма. Жұптық жұмыс
Терек пен өрік ағашында бірінші не пайда болды?

Гүл ме, әлде жапырақ па?
Ал тал мен шиеде ше?

Қорытынды жаса.
Оқушылар: Жеке жұмыс жасайды.

Бағалау:
Жеміс ағаштарының өсу қарқынын ретімен атайды – 1 б

Суреттегі өсімдіктерді сипаттап бере алады – 1 б

Ресурстар: оқулық
4-тапсырма. Ұжымдық жұмыс
Диаграммаға қара. Бағандар жылдың қай мезгіліне сәйкес келетінін анықта.

а) бау-бақша жайқалған мезгіл;
ә) ағаштар бүршік атып, гүлдейді;
б) жапырақтары түсін өзгертіп, жерге түседі;

в) ағаштарда жапырақ болмайды.
Оқушылар: Диаграммамен жұмыс жасайды.

Бағалау:
Диаграмма көмегімен жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атайды – 1 б

Жыл мезгілдерін ажырата алады – 1 б
Ресурстар: Диаграмма

Сабақты қорыту – 6 минут
ҚЖ: Шығармашылық жұмыс

«Ассоциациялар» әдісі.
«Өсімдік бөліктері» тіркесін естігенде

көз алдарыңа не келеді, қандай ассоциациялар пайда болады?

Оқушылар: Ассоциация жасайды

Бағалау: –
Ресурстар: суреттер

Қосымша тапсырма – 2 минут
Қосымша ақпарат көздерінен ерте

көктемде гүлдейтін өсімдіктер туралы мәлімет тап.

Бағалау:
Қосымша ақпарат көздерінен мәлімет табады – 1 б

Кері байланыс – 5 минут
Оқушылар: Кері байланыс жасайды

Әдіс: «Тик Ток» әдісі
Ресурстар: Кері байланыс тақтасы

Білім беру ұйымының атауы:

Айнагүл Дюсалиева,
жаратылыстану пәні мұғалімі,
М. Ықсанов атындағы МББК,
Жәнібек ауданы

Педагог ізденісі

Ой мен сана

Мақсаты: Ойын арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Өз ойларын толық жеткізе білуге, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

Топта бірігіп жұмыстануды ұйымдастыру, дарындылыққа жол сілтеу.

Түрі: Ойын-сайыс.

Көрнекілігі: ледэкран, түрлі тапсырмалар.

Өту барысы:

Қайырлы күн, ұлағатты ұстаздар мен озық ойлы оқушылар! Бүгін мектебіміздегі 8-9 сынып оқушыларына арналған «Ой мен ойын» интеллектуалды ойынына қош келдіңіздер!

Ойынымыздың мақсатын таныстыру.

Ойынға қатысушылар екі топ. «Алтын сана» тобы мен «Фиксиктер» тобы.

Ойын кезеңдерін таныстырып, қазылар алқасын таныстыру.

1-----

2-----

3-----

Ойын кезеңдері: I кезеңде

Лэд экранға берілген сұрақтарға кезекпен тақырып және ұпай таңдап, жасырылған сұрақтарға жауап бересіздер. Жауап дұрыс болған жағдайда таңдалған ұпайды қоржындарыңызға жинайсыздар.

Қазақ тілі мен әдебиеті

Тұрлаусыз мүшелерді атаңыз.

(толықтауыш анықтауыш пысықтауыш)

Диалект сөздер дегеніміз не? (белгілі бір аймақ, облыс тұрғындары қолданатын тіл ерекшеліктері бар халық тілінің бөлігі)

20

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының басты кейіпкерлері кімдер? Жамал. Ғали. Сәрсенбай. Байжан.

Жұман. Қалампыр 30

«Кіры-эпостық жырлардың негізгі тақырыбы қандай? Махаббат. (Қыз Жібек. Қозы Көрпеш-Баян сұлу) 40

«Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғаудың авторы кім? Ақтамберді жырау. 50

Жаратылыстану ғылымдары



Географиялық қабықтағы ырғақ дегеніміз не? Күн мен түннің ауысуы 10

Бұл заттың 0,9 пайыз ерітіндісі физиологиялық ерітінді деп аталады.

Адам ағзасы көп қан жоғалтқанда қан тамырына құйылады.

Ол затты тұрмыста да қолданады. Бұл заттың химиялық атауы қандай? Na Cl натрий хлориді 20

Геометриядан жаңалық ашқан үшін Зевс құдайына жүз өгіз сойып, құрбан еткен кім? Пифагор 30

Шаян, өрмекші және бунақденелілердің денесіндегі су, газ өтпейтін қатты қабықша? Хитин 40

Қолыңды суға батырған кезде судың ішінде саусақтар неге қысқа болып көрінеді?

Жарықтың сыну заңының әсерінен 50

Қызық екен

Түйе шөлдегенде неше литр су іше алады? 114литр 10

Орта есеппен алғанда адам баласы жылына неше рет күледі? 290.000 40

Ұлы тұлғалар.

Абай, бауыржан махамбет шәмші, ілияс

1.«Адам басқалардан ақылмен, біліммен, ерік-жігермен, ар-ожданмен, жақсы мінезімен ерекшеленуі керек.» деп айтқан қазақтың ұлы ақыны?


2.Қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын алған аты аңызға айналған жауынгер-панфиловшы. Өмірінің екінші бөлігін әдебиетке арнап, белгілі жазушы. «Ұшқан ұя» шығармасының авторы.

3.Қазақстанның ұлттық батыры,



араша түскен

Өнер әлемі



Дзюдодан казактан шыққан тұңғыш әлем чемпионы Елдос Сметов 2015 жылы. 10

«Жау жүрек мың бала» фильмінің режисері? Ақан Сатаев 20

Оркестр патшайымы деп қай аспапты атайды? Скрипка 30

Халық шеберлері түрлі қобдишалар, музыкалық аспаптар мен үй жиһаздарын көмкеру үшін пайдаланды сүйек пен мүйізді. 40

Бейнелеу өнеріндегі маринистік жанр дегеніміз не? Теңіз, көл, мұхит сияқты

көріністерді бейнелейтін шығармалар. 50

II кезеңде Көп сөйлем

Бұл кезеңде әр топқа түрлі сөздер беріледі. Соны мимикамен түсіндіру керек.

I топ. Шар Шелек Тұзу Қолшатыр Маймыл Президент Үшбұрыш Оқушы Балға Күн Ағаш Қар Трапеция Ұялы телефон Шаш Айна Алма Бор Бантик Ту II топ.Кесінді Кітап Қасқыр Мұғалім Шаршы Футболшы Шалғы Ай Жел Қалам Бұрыш Сурет Белбеу Сөмке Шаңсорғыш Ванна Гүл Парта Глобус Су.

III кезең. Тарсия әдісі бойынша әр топқа ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге арналған сұрақтар мен жауаптарын табу керек.


Қорытынды: Бүгінгі сайыс ойынымыз өз мәресіне жетті. Сөз әділқазы алқасына беріледі.

Тауды биік деме сен,



Талаптансаң, шығарсың.

Қарсылас мықты деме сен,



Білімді болсаң, шығарсың – дей отырып, сайысымыздың жеңімпазын анықтау үшін сөз кезегін әділ - қазыларға береміз.

Нуршат Наурзалина,

тәлімгер,

Бударин мектеп-бөбекжай кешені,

Ақжайық ауданы

Ой толғаныс

Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын – мұғалімдікі. М.Жұмабаев.

Иә, қай заман өтсе де, қай ғасырда болмасын ұстаздың орны ерекше. Білімнің бар бастау қайнарында екі тарап бар: біреуі – үйренуші, екіншісі – үйретуші. Қазіргі бұқара арасында ұстазға айтылатын үйретуші сөзінің мағынасы біржолата жойылып, бағыттаушы, бағдарлаушы деген сөзбен алмасты десем, қате айтпағаным деп білемін.

Әлбетте, қазіргі заманда, яғни 2017 жылдан бері мұғалім сабақты үйретпейді, білімді бермейді, мұғалім тек білімді қалыптастырады. Осы ретте заманға сай білім беру, оқу және оқыту үрдісінде біршама өзгеріс пайда болып, мұғалімнің міндеті де айрықша өзгеріске ұшырады. Мәселен, бұрынғы бағдарлама, бұрынғы қағидат бойынша мұғалім:

- сабақты өзі түсіндіреді;
- тақырыпты өзі ашады;
- мәліметтерді, ақпараттарды өзі таратады;
- жұмыс орындалуы, тапсырманың орындалуы нәтижесі бойынша түйінді өзі жасайды;

- өзі бағалайды;
- өзі тұжырым жасайды.

- ақпаратты өзі дайындайды және т.б.

Ал жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясынан бері мұғалімнің де қызметі мен функциясы біршама өзгеріске ұшырады:

- сабақтың тақырыбын оқушылардың ойлау, қиял қабілеттерін дамыту мақсатында сындарлы сұрақтың көмегімен оқушылардың өздеріне тақырыпты айтуға жағдай жасайды;

- тақырыпты түсіндіруде оқушылардың арасындағы көшбасшыларға, активтерге жүгінеді, солардың көмегімен мұғалім тек жетектеуші, бағдарлаушы қызметін ғана атқаруда;

- берілген тапсырмалардың орындалуына тұжырымның жасалуына көшбасшыларды, болмаса барлық оқушыларды ой толықтыру, ойға ой қосу қағидатымен сыни кері байланыс жасауға тартады;

- тапсырмалар мен оқыту үрдісін бағалауда оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім қағидатымен өздерінің объективті бағалауларына жағдай жасайды;

- оқу және оқыту үрдісіне рефлексия мен жалпы кері байланыстың оқушылармен жасалуын назарда ұстайды;

- үй жұмысына келесі сабаққа деген аздаған байланысы бар шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды беру арқылы келесі сабаққа қажетті ресурстың да оқушылардың өзімен даярлауына керемет мүмкіндік беру арқылы оқушылардың қызығушылығын, ішкі мүмкіншіліктерін құзырлы ескереді.

- Осындай тәртіпте мұғалімнің оқушыға деген талпыныс пен оқу дағдысы деңгейіндегі жетістігіне жасап жатқан жолындағы ұлы



қызметтік өзгерісті қоғамда біреу түсінсе, біреуі әлі де қабылдай алмауда, түсіне алмауда. Қазіргі кездегі қоғамның ұстазға, мұғалімге деген пікірі де оқушылардың жетістіктеріне орай екі жақты болуда. Бірі мұғалімді жақтап, мактап, құрмет білдіріп жатса, кейбір тұлғалар мұғалімді қаралаудан да тайынбайды. Осы ретте мұғалім мәртебесі де әлі күнге дейін әлі де біршама мәселенің арасында жүргені мәлім. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының аса мықты заңнамаға қол қойып, қолданысқа шығаруы арқылы мұғалім мәртебесіне қатысты біршама жағымды жағдайлар жасалынғанына ризамыз. Себебі, кез келген саланың бірінші тұлғасы – білім беруші ұстаз. Соған байланысты басқа да елдерде алдымен ұстазға құрмет көрсетіліп, барлық жағдай жасалынуда. Осы секілді біздің елде де мұғалімдерге деген құрмет пен біраз мемлекеттік бағдарламалардың толыққанды орындалуы мұғалімдердің де бәсекелі, жоғары қабілетті, құзырлы болуына ынтасының жоғарылауына әдемі жағдай қойылғандай.

Ұстаз мәртебесіне қатысты пікірді өткен жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуы да орынды. Әлбетте, мұғалім жоғары қабілетті, құзырлы, шығармашыл, сыни ойлай білетін және өзі секілді ақылды, кез келген жағдайға үйренісе алатын, бейімделгіш тұлғаларды қалыптастыратын

мықты кәсіп иесі болуы шарт. Осы ретте Аристотельдің «Барлық парасат адамның болмысындағы интеллектіге байланысты...» деген пайымдауының өзі жеткілікті секілді. Сонымен бірге Абай атамыздың «ортаға біліммен емес, мінезіңмен сыясың» дегеніндей, педагог болу кеудені керіп, «Мен – ұстазбын» деп жүру емес, мұғалім деген үнемі ізденіс үстінде, еңбек етумен парпар. Осы орайда қажылыққа барып келіп, дін мен ғылымды қатар ұстаған арысымыз Шәкәрімнің «Өзгемен емес, өзіңмен алыс, Өзгемен емес, өзіңмен жарыс...» деген сөздері де әр мұғалімге күнделікті өмірде дәйек болары айқын.

Осындай талаптарды орындап, шарттарға жауап беретін тұлға ғана қоғамдағы ұстаз мәртебесіне қатысты барша құрмет пен сыйластыққа ие болары анық.

Қашан да рухани болмыс пен адамгершілікті мінез тарихта қалмағы бартын. Аталмыш ойымды түйіндей келе, қазіргі ғасырдағы ұстаз келешегі мен келбетін тарих дәйектеріне жақындастыру әрбір мұғалім мамандығын таңдаған тұлғалардың қолында екендігін айтқым келеді. Өте қолжетімді, өлшемді, жеңіл және де үлкен материалдық ресурсты қажет етпейтіндігі айқын.

Жанна Ергалиева,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Жаңақала мектеп-гимназиясы,
Жаңақала ауданы

Таным

А С Ы Қ П А Т И

Ой толғаныс

Біздің өлкенің жануарлар әлемі

Тобы: «Айналайын» ересек тобы
Білім беру саласы: «Таным»
Мақсаты: Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.



Көрнекі құралдар: түрлі-түсті асықтар, сандар, карточкалары, ұлттық ойын-ұлт қазынасы. «Асық ойыны», «Шыр ойыны»
Балалар топқа кіргенде «Көңілді оюлар» арқылы секіріп кіреді.
Мақсаты: Ою-өрнектерді ажырата білуге үйрету.



Шенбер болып тұрып: Амандасу сәті орындайды.

Армысың көгілдір аспан Ата,
 Армысың мейірімді Жер ана
 Армысың шұғылалы Алтын Күн,
 Армысың құрметті ата-аналар,
 әріптестер, қонақтар қош келдіңдер!
Ажардың анасы Әже болып кіреді, қолында ертегі кітабы бар.
Ертегі: «Бауырсақ» ертегісін еске түсіру...

-Ал, бізге қатты ұнайтын ертегінің аты қандай?
1.Атаның тапсырмасын орындайық.

1.«Кім жылдам» ойыны
 Мақсаты: балаларға асық туралы түсінік беру, асық арқылы 1-5 аралығындағы сандарды бекіту.

2.Әженің тапсырмасын орындайық.
2. Құрастыру: «Бойтұмар» асықтан құрастыру.

Тәрбиеші: асықпен бойтұмарды балалар құрастырады.

3.Бауырсақтың тапсырмасын орындайық.

«Сергіту motion» (моуши)

Қолға алу асықты,
 Оң саусағым асықты.
 Алшы, тайкі, шүк, бүк
 Кел, ойнайық досым
 Қызық ойын болсын.

3.Қоянның тапсырмасын орындайық.

3. «Асықтарға қажетті пішінді тап»
 Мақсаты: Балаларға негізгі геометриялық пішіндерді (шенбер, шаршы, үшбұрыш, т.б. ойынды табу.

4.Қасқырдың тапсырмасын орындайық.

Мақсаты: Жануарлар әлемі туралы түсініктерін кеңейту; қарым-қатынас кезінде балаларға қойылған сұрақтарға сәйкес жауап беру дағдыларын қалыптастыру; сондай-ақ өздерінің және құрдастарының жауаптарындағы қателіктерді анықтап, жауаптың дұрыстығын ажырата білу қабілеттерін дамыту. Танымдық қызығушылықты дамыту, 5-ке дейін санау дағдыларын дамыту, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруға, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға, дайын пішіндерден жануарлар бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуге үйрету.

Кіру билеттерін тарату.
 Суреттер бойынша кимылдарды қайталап кіру (Көңілді күймен, қоян болып секіріп, құрбақаны саламыз, бақ-бақ деп жар ңсаламыз, аюға ұқсап қорбандап, қолымызды соғамыз)

Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетімізде біз жануарлар бағына саяхаттайтын боламыз.

Бізбен бірге қоңақтарымызда баратын болады. Ең алдымен келген қоңақтарымызбен амандасып алайық.

орындаймыз.

4.«Қайсы асық жетпей тұр?»

Мақсаты: Асықтарды ұстап, қайта орналастыру арқылы қол бұлшықеттерін жаттықтыру.

5.Аюдың тапсырмасы: «Асық ойыны» ата-аналармен ойнау.



Мақсаты: Ойын арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке тәрбиелеу.

6. «Түлкінің тапсырмасы «Қармақ ойыны» ата-аналармен ойнау.

Ойының шарты: 4 қармақшасы, 20 асығы бар. 4-ті түске 4-бала ойнайды, төрт түске салады, магнит арқылы.

Алмагүл Ишанова,
 тәрбиеші,
 №31 «Балдәурен» бөбекжайы,
 Орал қаласы



Мақсаты: Жануарлар әлемі туралы түсініктерін кеңейту; қарым-қатынас кезінде балаларға қойылған сұрақтарға сәйкес жауап беру дағдыларын қалыптастыру; сондай-ақ өздерінің және құрдастарының жауаптарындағы қателіктерді анықтап, жауаптың дұрыстығын ажырата білу қабілеттерін дамыту. Танымдық қызығушылықты дамыту, 5-ке дейін санау дағдыларын дамыту, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруға, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға, дайын пішіндерден жануарлар бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуге үйрету.

Кіру билеттерін тарату.
 Суреттер бойынша кимылдарды қайталап кіру (Көңілді күймен, қоян болып секіріп, құрбақаны саламыз, бақ-бақ деп жар ңсаламыз, аюға ұқсап қорбандап, қолымызды соғамыз)

Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетімізде біз жануарлар бағына саяхаттайтын боламыз.

Бізбен бірге қоңақтарымызда баратын болады. Ең алдымен келген қоңақтарымызбен амандасып алайық.



Күннің көзі ашылып,
 Көкке шуақ шашылып.
 Құтты қонақ келіпті,
 Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге, тәрбиенің басы ғой,
 Ал, қанекей, бәріміз, сәлем дейік үлкенге.
 Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Жабырқауды білмейміз,
 Жалқаулықты сүйеміз.
 Біз талантты жас ұлан,
 Үлгі аламыз жақсыдан.

Жарайсыздар, орнымызға отырайық
Бейнеролик көрсету

Балалар жануарлар бағында жабайы жануарларда, үй жануарлары да болады.

Оларды арнайы торда ұстайды. Себебі жабайы жануарлар адам өміріне қауіпті.

Біздің өлкеміздің жануарлар бағында аю, қоян, қасқыр, түлкі жануарлары бар екен.

Қандай керемет балалар, сендерге ұнады ма?

Бұл жануарларды сендерде барып өздерің де көре аласыңдар. Бұл біздің Орал қаласындағы жануарлар бағы.

Ал, бұл біздің балабақшамыздағы жануарлар бағы. Біздің балабақшамызда да қасқыр, аю, түлкі, қоян бар екен.

Бұл жабайы жануарлар. Ал, үй жануарларына мысық, ит, сиыр, жылқы секілді жануарлар жатады екен.

Ал енді балалар үй жануарлары мен жабайы жануарларды түсіндірме ме?

Ендеше, сендерге тапсырма *Глен доманның* үлестірмелі материалдарымен маған үй жануарларымен жабайы жануарларды құрастырып беріңдер.

Ойын : «Сәйкестендір»
 Жарайсыңдар балалар, кімге қандай жануар түсті, бұл жануарды қай топқа жатқызамыз?

Жарайсыңдар. Балалар экранға назар аударайықшы.

Сендердің аналарың «Үйі» қалай қатысып отырғандарды көріп отыр және сендерге арналған жұмбақтары бар екен? Қане, тындап сұраққа жауап берейік.

Ата-анамен жұмыс

Жұмбақ.Текшелерден құрау.

Балалар барлығымыз мына үстелге жайғасып отырайық.

Бұл жер қояндардың үйі екен. Бірақ бұл жерде тек қана бір қоян бар екен. Оған өзі секілді кішкентай қояндар керек. Онымен бірге ойнайтын кішкентай достары керек. Ал оның достарын жасау біздің қолымыздан келеді. Көмектесеміз бе?

Ендеше, алдарыңда тұрған текшедегі суреттерге қарап қоян құрастырайық.



Ойын «Қояндар»
Сергіту сәті
«Жануарлар бұй»

Балалар, енді үй жануарының қасына барайық.

Қарайықшы үстелде қандай жануар тұрған? Сиыр ол үй жануары ма? Жабайы жануар ма?

Сиыр бізге не береді?

Ал, сиыр көп сүт беру үшін біз оған не беру керекпіз. Дұрыс шөп беру керекпіз.

Ендеше, балалар, алдарыңда тұрған сиырларға шөп берейік. Ол үшін сиыр үстіндегі қара түсті бояуларды кетіріп, сонда шыққан санды, нүктелер белгіленген шөптерді алып, шөп беретін боламыз.

Ойын «Сиырға шөп беру»
 Жарайсыңдар, балалар. Тапсырманы өте жақсы орындап шықтыңдар.

Ал, енді, балалар жануарлар туралы жаттауымызды бәріміз бірге қайталап жіберейікші. Және қайталап отырып, үзік сызықтарды қосып шығайық.

Саусақ жаттығуы «Көңілді жануарлар»
 Жарайсыңдар. Саусақ жаттығуын жасап алдық. Ал енді балалар маған көмектесе қойыңдаршы.(балалар көмектесу)

Балалар, жануарлар бағындағы тапсырмалар ұнап жатыр ма? Ал енді осы жануарларды өздерің жасап алғыларың келе ме?

Ендеше, шығармашылық бағытына кеп өзіміз ұнатқан жануар бейнесін қағаздан жасап алайық.

Оригами әдісі: «Жануарларды құрастыру»

Өте жақсы балалар бүгінгі «Үйі» белсене қатыстыңдар.

Сендерге жануарлар бағындағы тапсырмалар ұнады ма?Кімге қандай тапсырма ұнады?

Жарайсыздар!
 Сау болыңыздар


Гүлмира Калиева,
 Нұрбақыт Саин,
 №31 «Балдәурен» бөбекжайы
 тәрбиешілері,
 Орал қаласы



МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА

Математика. 3 класс

Абай - ұлы ақын



Тема урока: Письменное умножение трёхзначного числа на однозначное без перехода через разряд. В контексте сквозных тем «Искусство», «Выдающиеся личности»

Цели обучения: 3.1.2.10 применять алгоритмы умножения и деления двух/трехзначных чисел на однозначное в случаях вида: $23 \cdot 2$, $123 \cdot 2$, $46 \cdot 2$, $246 \cdot 2$;

3.1.2.11 применять алгоритмы умножения и деления двух/трехзначных чисел на однозначное в случаях вида $28 \cdot 3$, $269 \cdot 2$, $84 \cdot 3$, $538 \cdot 2$

3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну, 2.1 Сөздік қорды толықтыру

3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

Цели урока Сабақтың мақсаты

Применять алгоритмы письменного умножения трёхзначного числа на однозначное

Барлығы: мұғалім көмегімен оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді.

Көпшілігі: берілген бейнематериал мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздерді қолданып, ауызша сөйлемдер құрайды.

Кейбірі: алған мәліметтер бойынша мазмұндайды, өзі білетін ақпаратымен бөліседі.

Критерий оценивания Бағалау критериялары Учащиеся применяют алгоритмы письменного умножения трёхзначного числа на однозначное

Абайдың өмірі, ақындығы туралы алған білгендерін айтады, нақты сұрақтарға жауап береді.

Языковые задачи/Тілдік максаттары

Предметная лексика и терминология: умножать, множитель, произведение, алгоритм письменного умножения.

Полезные слова и сочетания для диалога и записи: Составить и написать алгоритм выполнения умножения «столбиком».

Пәнге тән лексика мен терминология: өмір, шығарма, ұлы ақын, аударма, ірі

Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Өлең жазды. Қазақ тіліне аударды.

Формирование ценностей / Күнделікті дарыту. Задачи по формированию ценностей: Канва урока «Великие просветители казахского народа».

Ценности, основанные на национальной идее «Мәңгілік ел»: казахстанский патриотизм и гражданская ответственность; уважение; сотрудничество; труд и творчество; открытость; образование в течение всей жизни.

Өнерді бағалау, атақты адамдардың істерін үлгі тұту. Межпредметные связи/Пәнаралық байланыс: казахский язык, художественный труд, музыка, познание мира

Предыдущие знания/Бастапқы білім: приёмы устного умножения и деления, алгоритм умножения трёхзначного числа на однозначное без перехода через разряд.

Абайдың балалық шағы туралы өз ойларын айтады. Мұғалім оқушының бастапқы білімін жетекші сұрақтар қою



арқылы біле алады.

Орг. момент. -Здравствуйте! – Сәлеметсізбе!...Бір, екі үш, Сынып іші тып – тыныш.

Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз.

- У нас необычный урок. Урок математики и казахского языка проведем как один большой урок, но взаимосвязанный, общий, по одной теме. Чтобы узнать тему прочитайте изречение

Стартер. Вводная беседа. На доске изречение: «Учитесь, чтобы стать Человеком, стать полезным своему народу». - Как вы понимаете данное изречение? Пусть эти слова станут девизом нашего урока.

Каждый задумается:
-Чему я научился за урок, который является той маленькой ступенькой, чтобы стать Человеком и быть полезным своему народу?

А с помощью «диалога на стикерах», постараемся узнать автора этого изречения

А в это время у доски выполняют задания:
 $475 - x = 30 \cdot 10$ $200 - 5 \cdot 5 = 175$
 $a + 23 = 190 + 8$ $175 + 23 = 190 + 8$

Итак, внимательно слушаем и отвечаем. Произведение чисел 9 и 6 . Частное чисел 18 и 3 . Число 8 увеличить в 3 раза . Делимое 60, делитель 30. Чему равно значение частного? Разность чисел 375 и 300 . 25 увеличить на 2 . Первый множитель 7, второй множитель 6. Найдите значение произведения 112 увеличить в 4 раза .

А теперь расшифруем, кто же автор изречения?

			6		2		30
	б	а	й		К	у	а

Ему в этом году исполнилось бы 175 лет

Балалар, сонымен Абай Құнанбаев

неше жасқа толып жатыр? Абай туралы толығырақ мәлімет алу үшін бейнероликке назар аударамыз.

Бейнероликтегі берген мәліметтерді мұқият тыңдаймыз, осыған байланысты тапсырмалар орындаймыз.

Сөздік жұмысы. Өмір –жизнь. Ұлы ақын – великий писатель. Аудармашы – переводчик.

Шығарма – произведение .Сазгер – композитор .Жазушы – писатель. Қара сөздер – слова назидания

1 қатар- Абай туралы кластер құру. 2 қатар-Сөйлемдерді дұрыс құрастыру.

Қатар- “5 жолды өлең” Синквейн жазу

Абай сазгер болды, ән жазғанын білеміз. Абайдың «Көзімнің қарасы әнін бәріміз бірге орындаймыз.

Сергіту сәті «Көзімнің қарасы» әні

Көзімнің қарасы

Көңілімнің санасы

Бітпейді іштегі

Ғашықтық жарасы
Қазақтың данасы Жасы үлкен ағасы
«Бар» демес сендей бір Адамның баласы-ау . «Шапалақ» әдісі

Самостоятельная работа учащихся. Взаимопроверка.

Проверка по шаблону. Самооценка . Кто набрал 6 баллов –зел.карточку, 3-5 б-желтую, 1-2 б-красную карточку

«Аплодисменты себе» - ученики аплодируют себе, если выполнили задания без ошибок.

Дополнительные задания на усмотрение учителя.

Работа в парах: Решить выражения в несколько действий

Дескриптор:

1.Верно распределяет порядок действий

2. Правильно решает и находит ответ 1-го действия

3. Правильно решает и находит ответ 1-го действия

4. Правильно решает и находит ответ 1-го действия

$910 - 232 \cdot 3 + 319 = 533$

$1) 232 \cdot 3 = 696$ $2) 910 - 696 = 214$

$3) 214 + 319 = 533$

$920 - 214 \cdot 2 - 169 =$

$1) 214 \cdot 2 = 428$ $2) 920 - 428 = 492$ $3) 492 - 169 = 323$.

Взаимопроверка . Проверка по шаблону. Самооценка

Кто набрал 4 балла – получает зел.карточку, 3б-желтую, 1-2 б-красную карточку

«Аплодисменты себе» - ученики аплодируют себе, если выполнили задания без ошибок.

Самооценивание достижения цели .Оценочный лист +\-

Умею умножать трехзначное число на однозначное. Умею решать выражения в несколько действий. Могу объяснить письменный приём вычисления.

Умею решать задачи в несколько действий. Умею решать сложные уравнения

Рефлексия урока.–Наш урок подходит к концу. Чему же мы научились, что нового узнали и закрепили за урок, который является той маленькой сту-

пенькой, чтобы стать Человеком и быть полезным своему народу? (закрепили умножение 3-х чисел на однозначные, решали задачи и выражения, узнали много нового о великом Абая)

Сонымен балалар, бүгін кім туралы білдік? Абай Құнанбаев кім болған? Қай жылы дүниеге келген? Не туралы өлеңдер жазған?

Абайдың бәріміз білетін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін бәріміз бірге айтып көрейік

1қатар

Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба Ойнап босқа күлуге,

2қатар

Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.Тілеуің өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.

3қатар

Өсек, өтірік, мақтаншак, Еріншек, бекер мал шашпақ -Бес дұшпаның білсеңіз.Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой -Бес асыл іс көрсеңіз.

Рефлексия, прием «Книжная полочка успеха».

У каждого из вас есть стикер в виде книги с высказыванием Абая.

Если вы можете объяснить и научить других, то прикрепите на верхнюю ступень.

Если вы поняли и научились, то прикрепите на среднюю ступень, если же вы считаете, что вам еще необходима помощь, то на нижнюю ступень.

Домашнее задание по математике . Дифференциация.

Приём «Идеальное задание». Учитель не даёт определённого задания, предлагая выполнить работу по собственному выбору и пониманию. Задания на выбор по уровню сложности. 1 уровень - стр. 56, № 7 , 2 уровень- стр. 56 .№ 6.


Қазақ тілінен үй тапсырмасы 2-тапсырма ,49 бет.

Сабағымызды ұранмен аяқтайық!.

Абайды біз білеміз, Абайға бас иеміз!

Балалар, сабақ аяқталды. Сау болыңыз!

Айгуль Махашева,
учитель начальных классов,
Гүлсім Басирова,
учитель казахского языка,
Жәнібек ауданы





Құттықтаймыз!

Құрметті Марзия Қабдолқызы!



Сізді құрметті демалысқа шыққан қуанышты зейнеткерлік жасыңызбен құттықтаймыз!

Сізді өмірде тәжірибесі мол, қол жеткен нәтижелері бар, келер ұрпаққа



қалдырған ізі, айтар сөзі де жетерлік танымал тұлға ретінде білеміз.

Білім саласында атқарған еңбегіңіз орасан зор. Сіз біз үшін керемет ҰСТАЗСЫЗ, сыйлы әріптес, абырой-лы жан бола білдіңіз. Әріптестеріңіз де, шәкірттеріңіз де өзіңізге дән риза. Еңбегіңіз еленіп, аудандық білім бе-

ру бөлімінің Алғыс хаты, Батыс Қазақстан облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің Алғыс хат құрметіне бөленіп марапатталдыңыз.

Бұл – еңбек жолындағы нәтижелі де табысты жетістіктеріңіз жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы өлшеусіз еңбегіңіздің айғағы.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған шәкірттердің жүрегінен жол тауып, білім нәрімен сусындатқан «Әліппенің әжесісіз».

Сіз – педагогтік саланың шынайы жанашырысыз. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады», – деп ұлтымыздың Ұлы кемеңгер акыны Абай Құнанбайұлы айтқандай, ұлы қызметтің

жолында шынайы берілген, оны жанымен ұғына білесіз.

Аяулы жар, ардақты ана, асыл әже, Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, еңбегіңізге шығармашылық толағай табыстар, отбасыңызға бақ берекесі, ырыс тілейміз!

Құрметіңіз артып, қуанышты да, шуақты күндеріңіз көп болсын!

Ігі тілекпен: Толқын Кисекова, бастауыш сыныптар бойынша әдіскер, М.Ықсанов атындағы МББК-нің ұжымы, бастауыш сынып мұғалімдері, Жәнібек ауданы

Білім кеңістігі

Көбейту мен бөлуге берілген есептер

Сабақтың тақырыбы: Көбейту мен бөлуге берілген есептер

Математика пәні бойынша
«Сиқырлы математика» факультативтік сабақ

3 – сынып

Мақсаты:

Білімділік: көбейту және бөлуге берілген есептерді шығару дағдылары жетіледі. **Дамытушылық:** Оқушылардың логикалық ойлау, танымдық қабілеттері артады, шығармашылықпен жұмыс істей білу дағдысы қалыптасады.

Тәрбиелік: Пәнаралық және өмірмен байланысты іске асыру, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру.

Сабақ типі: Көбейту және бөлудің кестелік жағдайы туралы білімдерін бекіту

Сабақтың түрі: пысықтау

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ - жауап, көрнекілікпен жұмыс, іздену, қайталау, кіріктіру, топтық жұмыс.

Құрал - жабдықтар: Интерактивті тақта, слайдтар, дидактикалық үлестірмелер, оқулық, дәптер.

Психологиялық дайындық

Оқушылар, алда елімізде қандай атаулы мереке аталып өткелі тұр?

25 қазан – Республика күні.

Қазақстан егемендік ел екенін бүкіл әлем таныды.

XXI ғасыр – білім ғасыры.Еліміздің болашағы сендердей білімді ұрпақ қолында.

Ендеше, сендер қандай оқушы болуларыңыз керек?

Ізденгіш, ойшыл, тапқыр, ақылды, ұйымшыл т.б

Ойын: «Туған жерге туынды тік»

КР-ның картасы. Әр облысқа есептер беріледі, жауабын тауып сәйкестендіру.

Ой толғаныс

1 - кезең. Бағдарлау – мотивациялық кезең.

а) Тірек білімді белсендіру: Миға шабуыл. Көбейту мен бөлу кестесін қайталауға арналған жаттығулар.

«Жұбыңды тап» ойыны. Берілген карточкалармен оқушы өз жұбын табады.

ә) Өрнектерді пайдаланып, тура теңдіктер құр.

20: 2+5

120: 10

4 x 3

9 x2

3 x 6

80: 2 – 12

200: 10

5 x 4

7 x 4

5 x 3

Интерактивті тақтада жауаптарын тексереді, бағалайды. Бағдарлам

б) Көбейту мен бөлу кестесін қайталау

4x9

24: 3

3x6

36: 4

3x7

40: 4

7x4

21: 3

6x2

28: 4

1x9

18: 2

Интерактивті тақтада жауаптарын тексереді және бағалайды (Бағдарлам)

в) Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту. Топтық жұмыс

Көбейту мен бөлу кестесін тексеру.

«Кім жылдам?» ойыны

1 - ші қатар

(34+20): 6

80: 10+12

100 - 8x10

(85 - 15) x9

0x (42+7)

2 - ші қатар

(76 - 26) x 8

49: 7 x 8

46 - 64: 8

50 - 24: 3

4x5+4x9

3 - ші қатар

81: 9 x 6

34 +6 x 9

90 - 7 x 8

(24 + 16): 8

Мен үйрендім	Маған қызықты болды	Маған қиын болды	Мен түсінді
☐	☐	☐	☐

Интерактивті тақтада жауабын тексереді.

г) Сұрақтарға жауап бер

- екі жұмыртқаны 6 минут пісіреді. Осындай 8 жұмыртқаны қанша уақыт пісіреді?

- мыналардың қайсысы уақыт бірлігі емес: секунд, апта, километр, ай. (километр) - қандай бірдей үш санның көбейтіндісінің мәні 1 - ге тең болды. (1x1x1=1)

- қайында 28 алма өсіп тұрды. Оның 5 - ін қарға алып кетті. 4 - і жерге құлады. Қанша алма қалды?

- Ер адамнан «неше балаңыз бар деп»сұрапты? Сонда ол «менің төрт ұлым бар және олардың әрқайсысының туған қарындасы бар»- деп жауап беріпті. Оның неше баласы болған? (бес)

- қайсысы ауыр: 1 кг мақта ма немесе 1 кг темір ме? (бірдей)

- Салтанат кітаптың 16 бетін, ал Серік 8 бетін оқыды. Қайсысы артық және неше есе артық?

- Көбінесе ай 30 не 31 санмен аяқталады. Ал қай айда 28 деген сан бар? (барлық айда)

Сергіту сәті
2 - кезең.

Операциялық - орындаушылық кезең.

а) Оқулықпен жұмыс, дәптермен жұмыс.

№1 тапсырма

а) Фигураның периметрін табу. Өзін - өзі бағалау бағдарлам

Оқушылар өздері орындайды, жұппен талдайды, өзара тексереді, қателерін түзетеді.

ә) Жұптық жұмыс.№3. Өзара тексеру. Бағалау. Бағдарлам

б) Өздік жұмыс.№6 Бағалау. Бас бармақ.

3 - кезең. Рефлексиялық - бағалау кезеңі

(Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, өздерін өзі немесе бір - бірін бағалайды.) Рефлексия. Кесте толтыру

Бүгінгі сабақта +, -

Логикалық сұрақтарға жауап береді.

Үйге тапсырма: көбейту кестесін қайталау


Бағалау: Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Райгүл Мажитова,

бастауыш сынып мұғалімі

Ғ.Абдуллин атындағы ЖОБМ


Жәнібек ауданы



Қызығушылықты ояту



Амалдарды орындау



Операциялық - орындаушылық кезең.

МЕНШІК ИЕСІ:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының «Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы

Директоры - Измуханбетова Софья Салахиденқызы

Редактор:

Дүйсенғалиева Күлән Аяпбергенқызы

Тілші: Толқын Габдушева
Закарияқызы

Компьютерлік жұмыстар:

Толқын Габдушева Закарияқызы

* Газет айына бір рет шығады

* Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, хаттар мен қолжазба қайтарылмайды

* Автор мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді

* Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 02.02.2022 жылы тіркеліп, №KZ39VPY00045499 тіркеу куәлігі берілген.

Мекенжайымыз: Орал қаласы, Абай даңғылы, 238/2 үй

Тел: 25-15-84. Zh-Ustazy@rambler.ru